

КӨРКЕМ АУДАРМАДА АВТОР ИДИОСТИЛІНІҢ САҚТАЛУЫ**Елубаева Айкүміс**Elubaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – С. Сәтенова

Қазіргі таңда көркем аудармалардың алуан түрі бар. Жарық көрген әрбір аударманың қыр-сыры танымал ғалымдармен сарапталып, зерттелу үстінде. Көркем шығармаға баға берудегі ең басты критерий оның түпнұсқамен сәйкестігі ғана емес, шығарма стилі мен автор идиостилінің сақталуы, яғни осы мәселелерге басты назар аударылуы қажет. Ал көркем аудармамен шұғылданатын мамандардың міндеті – аудармаға өнер деп қарау, сол көзқарасты бойларына сіңіріп, аударма ісінде жүйелі түрде қолдана білу.

Осы орайда мақала аясында жоғарыда аталған, тіл ғылымының жаңа бағыты идиостиль жайында сөз болмақ. *Идиостиль* ұғымына жазушының немесе ақынның дербес авторлық стилі, әдеби шығармалардағы сөйлеудегі ерекшелік, стилистиканың зерттеу нысаны тәрізді анықтамалар берілген. Осы жаңа әрі күрделі мәселені алғашқылардың бірі болып А.И. Ефимов, Ю.Н. Тыньянова, Ю.Н. Караулова және В.В. Виноградов сынды ғалымдар зерттеген. Кез келген шығармада эстетикалық талаптардың сақталуы мен тілдік құралдардың қолданылуы өте маңызды және бұл жазушының көркемдік идеясына сай болуы тиіс. Академик В.Виноградов бұл мәселені зерттей келіп, идиостиль жайында: «Бұл белгілі бір даму кезеңіндегі көркем әдебиет амалдарын сөз саптау жүйесінде шебер қолдану, сонымен қатар идиостиль эстетикалық-шығармашылық жиынтықтың және түрлі сөйлеу элементтерінің жүйесі» деген тұжырымға келеді [1,167]. Ал идиостиль ұғымын қалыптастырушы ғалымдардың бірі А.И. Ефимов «Идиостиль – көркем туынды жасау кезінде қолданатын тілдік құралдардың дара жүйесі», сонымен қатар «сөз саптауда жазушының дербес жазу мәнері» деген анықтамалар берген [5, 166].

Зерттеу барысында байланыс құралдарының жедел дамуына, халықтар мен мәдениеттердің жақындаса түсуіне және билингвизм мен полилингвизмнің таралуына байланысты көркем аударманың ақпараттық қызметі мәнінің бәсеңдегендігі байқалды. Ал керісінше, оның шығармашылық қызметі өсуде және көркем аударманың басқа аудармалардан айырмашылығы оның тікелей көркем бейнелерге толы туынды екенін ескеруіміз абзал.

Көркем аударманың негізгі мақсаты көркем эстетикалық мәндегі шығарманы дүниеге әкелу. Сапалы жасалған аударманы оқырман аударма ретінде емес, өз тіліндегі мәтін ретінде қабылдайды. Оны әдебиеттің ажырамас бөлшегі деп таниды, оқып, мазмұнын жеткізеді және аударма тілінде дәйексөз етеді. Кез келген тілде жазылған шығарма өз еліндегі мәдениеттің маңызды бөлшегі болып табылады.

Автордың идиостилін анықтауда біз оның көркемдік идеясын ғана емес, сонымен қоса тек оның қиялында бар әлемнің бейнесін елестете аламыз [4, 47]. Ол дербес амалдарын тек өзіне ғана тән тұтас бір стиль жасау үшін қолданады. Ал оқырмандар болса, мұндағы түрлі ерекшеліктерді бірден байқап, оның белгілі бір жазушыға тиесілі екенін біліп, анықтай алады.

Кез келген жазушы ұлттық сөз мәдениетінің шығарушысы әрі оның иеленушісі. Өз заманының тілін қолдану арқылы,оны жіктейді де, қиыстырады да, өзінің шығармашылық ниетіне байланысты сөздік құрамның түрлі тәсілдері мен ана тілінің грамматикалық құрылымын біріктіреді. Сондықтан да, жазушының стилі мен аударма стилін бөліп қарауға болмайды, себебі екеуі өзара етене байланысқан тұтас бір дүние.

Оқырман көркем шығарманың лексикалық және фразеологиялық құрамына,

грамматикалық құрылымына, оның сөз тіркестерінің жасалу амалына, стилистикалық нормаларына, әдеби тілдік ерекшеліктеріне және оның даму заңдылықтары мен ережелеріне баға береді.

Осылайша, көркем аударма теориясының негізгі көздеген мақсаты - түпнұсқаның көркемдік мәніне барынша жақын, ұлттық нақышын, жазба мен жазушының идиостилін толық сақтаған бірегей туындыны дүниеге әкелу. Кез келген шығарма басқа тілдерге аударуға келеді, оған көптеген аударма жұмыстары дәлел және ең бастысы ол аудармаларда мәтіннің көркемдігі, бенелілігі және мағынаның дәлдігі сақталған.

Алайда кейде аударма әлемінде сыни көзқарастар туындап жатады. Көркем аударма өз алдына шығармашылық жұмыс және оны саралап талдау күрделі үдеріс.

Шығарма мазмұны стильдік бояуларға толы, әрі оның оқырманға қаншалықты мөлшерде әсер ететіні белгісіз. Бұл қаламгердің мәтінді барынша бейнелі және көркем етіп көрсетуі кезінде түрлі стилистикалық құралдарды қолдануына байланысты. Көркем образдар сөздердің тікелей және жанама мағыналары арқылы берілгендіктен, сан қилы болып келеді және олардың мағыналарын дәл жеткізу аударма өнерінің қиын мәселелерінің бірі болып саналады [3, 187].

Образдық троптардың аударылуы көп деңгейлі үрдіс. Оның мақсаты түпнұсқада берілген образдық троптардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктеріне байланысты, аударма тілінде сәйкес баламаларды (эквиваленттерді) табу [5, 303].

Көркем аудармада кейде интерпретациялау әдісі де қолданылады, бұл қарапайым трансформациялау арқылы аудару формасынан өзгеше. В.Н.Комиссаров өзінің еңбегінде мағынаның трансформациялаудан интерпретациялауға өзгеруі жайында жазған болатын, оған аударма тілінің құралдары септігін тигізген. Ол аударма эквиваленттілігінің бес деңгейін бөліп көрсетеді. Оның екі деңгейі (сөз және сөз тіркестері деңгейі мен сөйлем деңгейі) тікелей тіларалық трансформациялармен байланысты, ал қалғандарына еркін интерпретациялау тән. Себебі, мұндай аударма түрі контекстің көлемін ескереді, әрі оның контекстің мағыналық және ақпараттық аспектілерін негізге алады [2, 253].

Аталған жіктемені қолдана отырып, шартты түрде троптардың түпнұсқа мен аудармадағы құрылымдық және функционалдық баламасы тұрғысынан, эквиваленттілік жіктеуін құруға болады. Көркем аударма барысында эквиваленттіліктің түрлі типтері қолданылады. Соның төрт типіне байланысты Г.Түсіпова тарапынан аударылған О. Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» атты романынан мысалдар келтіруге болады.

Аударма эквиваленттілігінің бірінші типінде түпнұсқаның мазмұны қарым-қатынас негізінде сақталады, яғни белгілі бір ой тура сөзбе-сөз аударылмай, жанама мағынада берілуі мүмкін. Мысалы:

She mentally elevated her son to the dignity of an audience.

Аудармасы: Бұл уақыт ұлы тура кірген еді, ол осы көрініске жетіспей тұрған көрерменнің рөлін дәл атқарды. Түпнұсқада берілген сөйлемнің сөзбе-сөз аудармасы «ол өз ұлын ойша көрермендер қатарына кіргізді». Әдетте бұл сөйлемді аудармашы еркін формаға салып, жоғарыда көрсетілгендей, нақты баламалы аударма беріп тұр.

Ал екінші типте түпнұсқада берілген ақпарат лексикалық құрамын немесе синтаксистік вариациясын толық сақтап, тура мағынада жеткізілуі мүмкін. Бұл дегеніміз троптардың мағынасы барынша түпнұсқаға жақын және негізгі идеяның аударма тілінде шебер берілуі. Бұған мысал:

With an evening coat and a white tie, as you told me once, anybody, even a stock-broker, can gain a reputation for being civilized.

Аудармасы: Сенің фрак киіп, ақ мойынтақ тақса болды, типті биржа маклері де өркениетті адамға айналады деп айтқаныңдай.

Үшінші типте автор мәтіндегі сөздерді немесе сөз тіркестерін өз ана тіліндегі эквиваленттерге сәйкес аударады. Ол кезде мәтіндегі синтаксистік және лексикалық құрылымдар өзгергенімен, шығарманың жалпы мазмұнына нұқсан келмейді.

Аударма барысында семантикалық мәнін өзгертіп айту кеңінен пайдаланылады.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі мүлдем өзгеріп, эпитет арқылы берілген формалар трансформацияға ұшырағанымен, ортақ образ сақталуы мүмкін. Мысалы:

A rose shook in her blood, and shadowed her cheeks.

Аудармасы: Бетіне қан жүгіріп, қызарып кетті. Бұл жерде *rose* деген сөз «қан» баламасымен алмастырылып тұр.

Эквиваленттіліктің төртінші типінде, семантикалық мағынаны өзгертіп айту тәсілі қолданылады. Мысалы:

All the candour of youth was there, as well as youth's passionate purity. One felt that he had kept himself unspotted from the world.

Аудармасы: Бойында жастыққа тән шыншылдық пен тазалық ойнап тұратын, оның мінсіз болмысы көзге түседі. Осы бір таза жүректің тұнығын өмір әлі лайлай қоймағанына әбден сенуге болады. Бұл аудармада берілген образдар сақталғанымен, формалардың өзгергенін аңғаруға болады. Мысалы, *unspotted from the world* деген жолдар нақтыланып, «таза жүректің тұнығын өмір әлі лайлай қоймаған» деп аударылған.

Әрине көркем жазбаның мазмұнын күрделі немесе қарапайым стильде беруде әрбір жазушы немесе аудармашы өзінің тәжірибесі мен қиялына жүгінеді. Кейбір көркем сөз шебері бір сөзбен нақты жайды суреттей алады, кейде метафоралар мен эпитетті қолданып, оқырманның қызығушылығын үдейте түсуі ықтимал. Бұл жерде автордың негізгі мақсаты - оқырманның көңілінен шығатын, оның жүрегінің төрінен орын алатын, шығарманы оқып отырып, сол оқиғаның ортасында жүргендей сезінетін және оны өзінің ана тілінде қабылдап, сезінетіндей шебер туынды жасау.

Қорытындылай келсек, көркем аудармадағы көкейкесті мәселелердің бірі- автордың өзіне ғана тән идиостилі мен шығарманың дербес стилін сақтау. Автор өз шығармасында стилистикалық тәсілдер арқылы образдар жасайды, ал бұл сәйкесінше оқырмандарға әсер етеді. Сондықтан аударманың түпнұсқаға сай сәтті әрі жоғары деңгейді орындалуы оқырмандарға шығарма авторымен жақын танысып, оның шынайы ішкі әлемін тануға, түсінуге жол ашады. Аударма талаптары ескерілген жағдайда, әрбір жаңа туынды тек өз мәдениетінің ғана бөлшегі болмай, өзге де шетел мәдениетінің қазынасына айналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. В.В. Виноградов О языке художественной прозы/В.В.Виноградов. – М.: Наука, 1980. – 360 б.
2. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты)/В.Н.Комиссаров. – М.:Высш.шк., 1990. – 253 б.
3. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М., 2004. – 187 б.
4. Подгаецкая И.Ю. Границы индивидуального стиля / И.Ю. Погадецкая // Современные аспекты изучения: теория литературных стилей. – М.: Высш.шк., 1982. – 32-59 б.
5. Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1957 – 166 б.
6. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы) / А.В.Федоров. – М.:Высш.шк., 1983. – 303 б.
7. Oscar Wilde The Picture of Dorian Gray – 1891
8. Түсіпова Г. Дориан Грейдің портреті/Оскар Уайльд/Аударма, 2011